

**«Ақтөбе облысы білім басқармасының Хромтау аудындық білім бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің «№1 Хромтау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін
өзін-өзі бағалауының
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Хромтау қаласы
Мамыр 2024 жыл

«Ақтөбе облысы білім басқармасының Хромтау аудындық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1 Хромтау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалауының қорытынды АНЫҚТАМАСЫ

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының (бұдан әрі – заң) 5-бабының 21-2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» № 486 (бұдан әрі – бағалау критерийлері) бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім министрлігі Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімінің 30.05.2024 жылдың №18-2-06-/1031 хатымен, бағалау критерийлерінің тізбесі негізінде «№1 Хромтау орта мектебі» КММ мемлекеттік аттестаттау рәсімі шеңберінде 2023-2024 оқу жылының есепті кезеңдегі қызметіне өзін-өзі талдауын жүргізді.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

Абдрахманова Айжан Кыдырбековна	Мектеп директоры
Алмаганбетова Айгуль Сарсенбиевна	Мектеп директорының әдістемелік жөніндегі орынбасары
Мынбаева Жанаргул Елемесовна	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
Жалекешова Гульназ Калиоллаевна	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
Куптлеуова Алия Бейбитовна	Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары
Абдуалиева Альмира Аслановна	Педагог-психолог
Тулепбергенова Айнура Кайратқызы	Әлеуметтік –педагог
Уразбаева Салтанат Какимовна	Кәсіподақ ұйымының төрағасы
Идрешова Гулнар Жылкибаевна	Тарих пәні мұғалімі

Комиссиямен бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Ақтөбе облысы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ «№1 Хромтау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

«№1 Хромтау орта мектебі» туралы жалпы мәлімет

- 1) Білім беру мекемесінің толық атауы: «Ақтөбе облысы білім басқармасының Хромтау аудындық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1 Хромтау атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
- 2) БСН 090140002411 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 17 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 2009 жыл 9 қаңтар.
- 3) Заңды мекен-жайы: 030211, Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Хромтау қаласы Леонид Шиловского көшесі-8б. Электрондық мекен-жайы: shkola.khssh@mail.ru, Телефон, факс: 8 (71336) 21664.
- 4) - Мектептің техникалық паспорты 2017 жылы 11 шілдеде жасалған. Сериясы –А, қабат саны-3, құрылыс ауданы-1078,4, ғимараттың ауқымы-12103, жалпы алаң-2324,5, салынған жылы-1965 жыл (көшірме қосымша ұсынылады).
- 5) - «№1 Хромтау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде № 137-1904-ММ 17.01.2021 жылы

тіркеліп /алғашқы иіркелген күні 09.01.2009ж/, Ақтөбе облысының әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №490 қаулысымен бекітілген (көшірме қосымша ұсынылады);

- 6) - «№1 Хромтау орта мектебі» КММ-нің басқару органы -«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі»;
- 7) - «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалы – Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру департаментінің Хромтау аудандық 2018 жылғы 16 қаңтардағы № 32 шешімі негізінде тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (жер учаскесінің алаңы – 1,006 га) кадастрлық номері: **02-040-004-1892** (көшірме қосымша ұсынылады).
- 8) Мектептің мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БЖҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, Мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.
- 9) Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 26 ақпан 2021 жылғы №KZ95LAA00024972, мерзімі– шектелмеген (көшірме қосымша ұсынылады).
- 10) Мектептің қаржы-экономикалық жағы орталықтандырылған бухгалтерия. Мекеменің ағымдағы шоты, мөрі бар.
- 11) «№1 Хромтау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мектепшілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

Мектеп директоры Абдрахманова Айжан Кыдырбековна 2021 жылы 05 қараша Хромтау аудандық білім бөлімінің №133 ж/қ бұйрығымен №1 Хромтау орта мектебінің басшысы қызметіне тағайындалды.

Мектеп Мемлекеттік аттестаттаудан 2016 жылы өтті. «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақтөбе облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» мемлекеттік мекемесінің 11 мамыр 2016 жылғы №177 -нқ бұйрығымен «аттестатталды».

Мектепте 2023-2028 жылдарға арналған білім беруді дамытудың бағдарламасы жоспарланған.

Бағдарламаның іске асыру 3 кезеңнен тұрады:

I кезең-2023-2024 ж.

Білім саласын дамыту бойынша негізгі шараларды іске асыру және білім беруді дамытудың басты міндеттерін қамтамасыз ететін кіші бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыру.

II кезең-2024-2025 ж.

- Педагогтарды білім беру үдерісінде оқыту және тәрбиелеудің АКТ іске асыру.
- Білім беру жүйесін дамытудың инновациялық бағытын қамтамасыз ету бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру;
- Дарынды оқушылармен талантты жастарды қолдау.

III кезең – 2025-2026 ж.

Мектептің білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыру, жұмыс нәтижелерін жалпылау.

Мектептің өзекті мәселесі үш жылға арналған.

Өзекті мәселе:«Мектеп оқушыларының толық жеке дамуына бағытталған сапалы білім».

Мектептің өзекті мәселесі бойынша алға қойылған міндеттері:

- ✓ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын жүзеге асыру мақсатында жеке тұлғаның білім алу қажеттілігін, дағдысын қалыптастыру;
- ✓ Білім беру сапасын жоғары деңгейге көтеру;
- ✓ Өзін-өзі дамытуға құштар, икемді, ақпараттық, интеллектуалдық ресурстарды қолдануға қабілетті, жеке тұлға қалыптастыру;
- ✓ Білім беруді басқаруды одан әрі ізгілендіру және демократияландыру;
- ✓ Білім мазмұнын жаңалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасын дамытуды жүзеге асыру арқылы оқушылардың білім сапасының көтерілуіне ықпал ету;

- ✓ Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.
- ✓ Оқушылардың ғылыми жоба жарыстарына пәндік олимпиадаларға, түрлі танымдық байқауларға қатысуын қамтамасыз ете отырып, дарынды тұлғаны дамыту;
- ✓ Мектептің білім беру мазмұнын жетілдіру мақсатында, материалдық-техникалық базаны жақсарту.

Істер номенклатурасы:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығымен бекітілген. **«Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі»** (Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 06 қазандағы № 271 бұйрығымен өзгерістер енгізілді)
 2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 /ҚР Білім және ғылым министрінің 16.09.2021 № 47 бұйрығымен өзгерістер енгізілді/ бұйрығымен бекітілген **«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарының»;**
 3. Ақтөбе облысының білім басқармасының 2021 жылғы «18» наурыздағы №1 сараптау комиссиясының хаттамасымен келісілген **«Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, жалпы білім беретін мекемелер қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі»** негізінде құрастырылды.
- Білім мекемесінің іс қағаздары:
- 01-Басшылық және бақылау
 - 02-Кадрлармен жұмыс
 - 03-Оқушылармен жұмыс
 - 04-Оқу бөлімі
 - 05-Оқу-әдістемелік бөлімі
 - 06-Оқу-тәрбие бөлімі
 - 07-Психолог кабинеті
 - 08-Кітапхана
 - 09-Медициналық кабинеті
 - 10-Шаруашылық бөлімі
 - 11- Әлеуметтік педагогтың жұмысы
 - 12 - Кәсіподақ комитеті.

Өзін-өзі бағалау кезінде номенклатураға құжаттар реті номенклатураға сәйкес жүргізілген, құжаттар реті номенклатураға сәйкес.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 5-бабының 34-1 тармақшасы негізінде «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР Заңының 5-бабы 3-тармағына және 16-бабының 1-тармағына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» №192 бұйрығын орындау мақсатында мектепте педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы мектеп директорының 2021 жылы 2 қыркүйек №71/2 бұйрығымен 3 жылға құрылды. Кеңес құрамы хатшыны есептемегенде 7 адамнан тұрады.

Өзін-өзі бағалау тексеру парағы:

Параграф 1

1) білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамыр №195 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО УОЖ) сәйкестігі. Бағаланатын кезеңде әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса беріледі;

2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбында тәрбие-білім беру процесі Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 8 тамыздағы №348 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізіліп, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту

министірінің 2022 жылығы 14 қазандағы №422 бұйрығы.Қазақстан Республикасының Әділет министірілігінде 2022 жылығы 17 қазандағы №30183 болып тіркелді.

Қорытынды: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы өзгерістер енгізіліп ҚР Оқу-ағарту министірінің 03.08.2022 № 348 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен 1-қосымша 2-тарау 4-тармағы 1) тармақша, "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен бекітілген 1- қосымша және 2-қосымшаға сәйкес келеді.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізіліп, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министірінің 2022 жылығы 14 қазандағы №422 бұйрығы.Қазақстан Республикасының Әділет министірілігінде 2022 жылығы 17 қазандағы №30183 болып тіркелді.

Талдау нәтижелері: 2023-2024 оқу жылындағы аталған өлшем шарттар бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында мектептің мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсаты арқылы жұмысты жоспарлағаны анықталды.

Осы міндеттерді орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асыру көзделген.

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген.

Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған.

Қозғалыс, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білімдерді, біліктер мен дағдыларды, өз бетінше оқу дағдыларын, оның ішінде ерте жастағы балаларда қалыптастыру бойынша өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасы бойынша тақырыптық материалдар топтамасын қолдануда. Тәрбие мен оқытудың мазмұны - «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылуда.

Перспективалық жоспарды оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың негізінде мектеп алды даярлық сыныбының мұғалімдері, дене шынықтыру мұғалімі стандартқа сай құрастырылған. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындауды талапқа сай қарастырылған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында педагог перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырылған.

Ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша тәрбиешілердің бейнесабақтары мен перспективалық жоспарларын зерделеу оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда педагогтер ойын арқылы оқыту,білім беру дағдыларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту қағидаларын ішінара ұстанатынын көрсетті.

Педагогтердің бейнесабақтары үзінді ретінде берілген.Алайда педагогтердің кәсіби шеберлігін шыңдауды қажет етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында мектепке саяхат жасау,педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық

шараларға, «Ашық есік күндеріне» қатысуы жоспарланған және материалдары талапқа сай қарастырылған.

Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне дайындау бойынша бейнесабактарға жүргізілген зерделеуде ұйымдастырылған оқу қызметі барысында әртүрлі топтағы балалардың жеке және жас ерекшеліктері ескерілген. Мәселен, ҰОҚ барысында тәрбиеленушілерге ойын тапсырмалары барлығына бір деңгейде ұсынылады. Әр баланың жеке даму мүмкіндігі мен ерекшелігі ескерілген.

"Біртұтас тәрбие тәрбие " бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша анықталғаны: мектептің жұмыс жоспарында «Тіл туралы» ҚР Заңының орындалуы жоспарланған, балаларды тәрбиелеумен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз орта құрылған, талапқа сай жасақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы 1-қосымша 2-тарау 4-тармақ 2) тармақша, 5, 9-13-тармағына сәйкес келеді.

3) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру (жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға жүк құжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса беріледі);

Қатынас білім беру саласы бойынша айтатын болсақ; жыл басында балалардың көпшілігі әріпті танымайтын, ойын ашық жеткізе алмайтын, ұяң болатын. Тілдері дұрыс дамымаған. Балалар екінші тоқсаннан бастап қана бір біріне үйреніп, мұғалімге үйренісіп ашыла бастады. Мәтіндер бойынша әңгімелеуді, ойларын толық жеткізуді үйренді. Тілдері жаттығып дыбыстарды дұрыс айтуға бейімделді.

3 - тоқсанның аяғына дейін балалардың басым бөлігі әріптерді танып, олардың дауысты дауыссыздарын ажыратып, дыбыстық талдау жасап, буынға бөлетін болды. Жалпы айтатын болсақ, даярлық тобының ішінде 3 - 4 баланың есте сақтау қабілеттері төменірек, әріптерді ұмытып қалады, шатастырады, буынға бөліп, әріптерді қосып оқуға қиналады.

Шығармашылық білім беру саласы бойынша; Балалардың құзыреттілік көрсеткіштері өте жақсы, балалар әуенді мұғаліммен қосылып айта алады, мәтінді жылдам жаттайды, әуенімен орындай алады, әуенді жақсы қабылдайды. Сонымен қатар қазақтың ұлттық аспаптарын таниды, суреттерін сала алады, аттарын жатқа біледі.

Әлеуметтік білім беру саласында; барлық балалар өз беттерінше әрекет ете алады, достарымен сыныптастарымен жақсы қарым қатынаста. Олар бірімен жақсы араласады, әңгіме айтады, қалжыңдасады. Барлығының тәрбиелері жақсы және мәдениетті сөйлеуге үйренген. Үлкендермен амандасуды, сыйлауды біледі.

Таным білім беру саласы бойынша көрсеткіштер; балалар 1 - 20 дейінгі сандарды таниды, 1 - 20 дейін сандарды қосып алады сонымен қатар пішіндерді таниды, ажырата алады. Мысалдар мен есептер құрастыра алады және оларды шеше алады.

Балалардың даму үлгерімі мен оқу үлгерімдері бойынша мынандай деңгейді көрсетеді:

- сыныпта тыңдалым жақсы
- әр бала өзінің не істеп жатқанын түсінеді, белгілі бір білім қорына ие
- әр бала өзінің білетінін жасай алады

Осы білім салары бойынша мектепалды даярлық сыныбы жақсы көрсеткіштерді көрсетеді.

Мектепте баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастырылғаны анықталды. Пәндік-дамытушы ортада заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Балалар ойын жиһаздарымен қамтамасыз етілген: табиғат орталығы, шығармашылық бұрышында керекті құралдары, боямақ, бастыру трафареттері, пішіндер, кестелер. Тігілген құралдар, балалардың

саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сыдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибуттар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдар бар. Мектеп ғимараты 3 қабатты, кабинеттер бар, мектеп ауласы қоршалған. Мектепалды даярлық сыныбы жиһаздармен жабдықталған. Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаға сәйкес Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру 1.2 бөлімі бойынша бағасы zhaqsy интернет жылдамдығы 50 Мбс/с –тан астам

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы 1-қосымша 2- тарау 8-тармақ, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы 1- қосымша 1 - тарау 3 тармаққа сәйкес келеді.

4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса беріледі);

Аталған өлшеуіштер бойынша талдауға ұсынылған материалдарды зерделеу келесі көрсеткіштерді анықтады: 2023-2024 оқу жылында 2 педагог жұмыс атқарған. Екі педагогта білімі - арнаулы орта, санаты - 2 педагог-модератор.

МДТО деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы

Оқу жылы	Барлық мұғалімдер	Жоғары біліктілік	%	Бірінші	%	Екінші біліктілік	Педагог-шебер	%	Педагог-	%	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	%	педагог	Сапа
2023-2024	2	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	2	100	0	100

Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаға сәйкес МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы 1.1 бөлімі бойынша бағасы / zhaqsy / мектепалды даярлық сыныбының өлшеуіштерге сәйкес келеді.

5) жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспары мен жеке бағдарламаның көшірмелері қоса беріледі);

2023-2024 оқу жылында шағын орталықта және даярлық сыныпта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ.

6) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы (мектепалды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілер жоспарларының (карталарының) көшірмелері қоса беріледі);

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелеріне бақылау жүргізілген. Топтағы әрбір бала бойынша 5 білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметтері көрсетіліп, диагностиканың нәтижелері шығарылған.

2023-2024 оқу жылында қазақ тобында 28 бала, орыс тобында 13 бала. Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілерінен "Денсаулық/Здоровье", "Қатынас/Коммуникация", "Таным/Познание", "Шығармашылық/Творчество", "Әлеумет/Социум" бес білім дағдысы бойынша диагностика жүргізілген.

2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі бойынша білім беру салаларының мониторингісі мектепалды даярлық топтар бойынша балалардың жеке даму картасында түзету шараларының бастапқы нәтижесі нақты айқындалған. Білім беру ұйымында балалардың біліктері мен дағдыларының даму динамикасы бағаланған.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 2- тарау 7-тармақ, 4- тарау 16-тармаққа сәйкес келеді.

7) "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру дағдыларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру (бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

Мектепалды даярлық сыныбылардың тәрбиешілерінің перспективті жоспарлары мектеп директорымен бекітілген. Мектепалды даярлық сыныбылардың күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті циклограммада көрсетілген.

Қазақ сыныбы - қабылдау уақыты 11:30 - 12:30, оқу қызметінің ұзақтығы 12:30-14:30, үйге қайту 14:30 (ата – аналармен байланыс). Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес көрсетілген: 25 минуттан құрылған және мектеп директорымен бекітілген.

Орыс сыныбы - қабылдау уақыты 09:30-10:00, оқу қызметінің ұзақтығы 10:00 - 12:00, үйге қайту 12:00 (ата – аналармен байланыс). Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес көрсетілген: 25 минуттан құрылған және мектеп директорымен бекітілген.

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілерінен "Денсаулық/Здоровье", "Қатынас/Коммуникация", "Таным/Познание", "Шығармашылық/Творчество", "Әлеумет/Социум" бес білім дағдысы бойынша диагностика жүргізілген. Баланың даму мониторингі және оның жеке дамуын бақылау парағы қағаз түрінде кезең – кезеңімен жасалған.

Ұйымдастырылған оқу қызметтері – білімді игеруге, біліктер мен дағдыларды меңгеруге бағытталған педагогтар бірлескен іс-әрекеті негізінде жүргізілген. Сабақ кестесіндегі, перспективті жоспардағы пәндер саны оқу жұмыс жоспарына сәйкес келеді.

Мектепалды даярлық сыныбының арнайы оқу бөлмесі **55 ш/м** құрайды. "Денсаулық/Здоровье", "Қатынас/Коммуникация", "Таным/Познание", "Шығармашылық/Творчество", "Әлеумет/Социум" бес білім беру дағдысы негізделіп бұрыштар жасалған. Балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ету жағдайларына қарай түрлі ойыншықтар(мозайкалар, құрастырғыштар, т.б.) бар.

Мектепалды даярлық тобын зерделеу кезеңіндегі зияткерлік конкурстарға қатысып жақсы нәтиже көрсеткен. «Ұлы жеңіске тарту» шығармашылық байқау, «Ғажайып әлем», «Тәуелсіз Қазақстан», «Үркер» интеллектуалды конкурс бойынша дипломмен марапатталған. Балалардың жетістігін айқындайтын диплом, марапаттарының көшірмесі ұсынылған.

Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаға сәйкес Зияткерлік конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелері 1.3, 1.4 бөлімі бойынша орташа деп бағаланды.

Тәрбиеленушілердің шығармашылығын дамыту, зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатыстыруды арттыру ұсынылады.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы».

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1- қосымша 2-тарау 8-тармағына сәйкес келеді.

8) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы (бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса беріледі).

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісі әр жылға бар, жинақталған. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған:

1) бірінші деңгей – бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады;

2) екінші деңгей – бала белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді;

3) үшінші деңгей – бала өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады.

2023-2024 оқу жылына жасалған бастапқы мониторинг қорытындысы төмендегідей:

Топтар	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
Даярлық сынып /қазақ/	29	«Денсаулық» -0 «Шығармашылық»-0 «Таным»- 0 «Қатынас»-0 «Әлеумет» -0	«Денсаулық» -4 «Шығармашылық»-3 «Таным»- 4 «Қатынас»-3 «Әлеумет» -4	«Денсаулық» -7 «Шығармашылық»-8 «Таным»- 8 «Қатынас»-7 «Әлеумет» -6
Даярлық сынып /орыс/	13	«Денсаулық» -0 «Шығармашылық»-0 «Таным»- 0 «Қатынас»-0 «Әлеумет» -0	«Денсаулық» - 6 «Шығармашылық»-6 «Таным»- 5 «Қатынас»- 5 «Әлеумет» -4	«Денсаулық» - 8 «Шығармашылық»-8 «Таным»- 8 «Қатынас»-7 «Әлеумет» -6

9. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

Оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі МДТО ҮОЖ белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілді:

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар Үлгілік оқу жоспарларында белгіленеді.

2023-2024 оқу жылында инварианттық компоненттен мектепалды даярлық I-II тобында «Денсаулық»-192 сағат, «Қатынас» -384 сағат, «Таным» - 384 сағат, «Шығармашылық» - 192 сағат, «Әлеумет» - 128 сағат. Жылдық оқу жүктемесі – 1280 сағат. Ұсынылған материалдарды зерделеуде 2023-2024 оқу жылына арналған күн тәртібі барлық топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған, баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға және түрлі іс-әрекетпен демалыстың бірізділігі қамтылған.

Оқу жылы	Топтар	Жалпы көлемі	Вариативтік компонент	Оқу жүктемесі
2023-2024 оқу жылы	Даярлық сынып /қазақ топ/	29	-	20 с
2023 -2024	Даярлық сынып /орыс топ/	13	-	20 с

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 14-тармағы, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 Бұйрығы 1-2 қосымшасына сәйкес келеді.

2) оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы.

Оқыту тілі – қазақша/орысша.

Басшылыққа «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1-2 қосымшалары 2021-2022 оқу жылына алынды.

Оқу жылдары	Оқыту тілі	Үлгілік оқу жоспары
2023-2024	Қазақша	«Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1 қосымшасы
2023-2024	Орысша	«Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 2 қосымшасы

Перспективалық жоспардағы өтпелі тақырыптар білім беру ұйымы басшысының бекіткен өтпелі тақырыптарымен сәйкес келеді. 2023-2024 оқу жылының сабақ кестесі бекітілген оқу жоспарларына сәйкес құрастырылған.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 14-тармағы, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 Бұйрығы 1-2 қосымшасына сәйкес келеді.

10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 1-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар (осы Өлшем шарттардың 6 қосымшаласына сәйкес мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері қоса беріледі).

Оқыту нәтижелерін бағалауға жататын сауалнамаға қатысқан ата-аналар (заңды өкілдер) 100%-ды құрайды. Ата - аналардан немесе тәрбиеленушілердің заңды өкілдерінен сауалнама нәтижелерін зерттеу көрсеткендей, балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау үшін мектепалды даярлық сыныбының ата-аналарымен сауалнама өткізілген. Сауалнамаға барлығы 28 ата-ана қатысқан. Ата-аналар толтырған сауалнамалардың түпнұсқалары алынып, талдау жасалды. Сауалнамаға қамтылған ата-аналар сауалнамадағы дағдылардың мазмұнын түсінгендігін, сауалнаманы өз ықыласымен толтырғандығындығын. Сауалнама нәтижелері мектепалды даярлық тобындағы сыныбындағы балалардың ата-аналарымен оқыту нәтижелеріне, балаларының игерген білім, білік, дағдыларына қанағаттанатынын көрсетіп отыр. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымында тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу (білік пен дағдылар диагностикасы) нәтижелері бойынша тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған респонденттер 50 %-дан кем емес. Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаға сәйкес МЖМБС-да және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі мен білім беру саласы бойынша жас топтары бойынша игерілуге жататын білім, білік, дағды және құзырет көлемін игеру 2.1 бөлімі бойынша zhagsu деп бағаланды.

ҚОРЫТЫНДЫ. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 4-тарау 20-тармағына өзгерістер енгізіліп, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 № 348 бұйрығымен сәйкес келеді.

11. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір білім беру саласы бойынша және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша игеруге жататын білім, білік, дағды мен құзырет көлемін игеру.

Ұсынылған әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бейнематериалдарына талдау жасалды. Ұйымдастырылған оқу қызметінің бейне материалдары білім беру салалары, оқу қызметінің атауы, жас ерекшелігі ұсынылған. Оқыту процесінде ұйымдастыруда балалардың жас және жеке ерекшеліктері ескерілген. Мектепалды даярлық I-тобы «Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру» пәнінен «7,8,9 сандары мен цифрлары» сабағы. Оқу қызметінің өту барысы оқушыға қойылған мақсаты, талаптары, оқушының жас ерекшеліктеріне арналған. Оқу қызметінің ұйымдастыру бөлімінде оқушыларды «Шаттық шеңбері» әдісі арқылы тұрғызып, оқушылардың ынтасын аударды. Балалар «Сиқырлы сандық» әдісі бойынша топқа бөлінді. «Кім жылдам?» арқылы өтілген материалды еске түсірді. Оқушылардың есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында «Өз орныңды тап» ойынын жаңа сабақтың тақырыбын ашуға ұтымды пайдаланды. Сонымен қатар оқу қызметінің барысында «Түсіне қарап бөл» арқылы топтық тапсырма орындалды, дәптермен жұмыс жүргізілді. Оқу қызметі тиянақты көрнекілікпен, оқушылардың белсенді қатысуымен өтті. Ұсыныс: Оқу қызметінде дәстүрлі сабаққа қарағанда жаңартылған білім беру мазмұнына сай элементтерді әлде де дамытып, пайдалану. Педагог оқу қызметінде цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану құзыреттілігін дамыту. Мектепалды даярлық II-тобы «Жаратылыстану» пәнінен «Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?» тақырыбындағы бейнесабағы. Оқу қызметінің барысы «Шаттық шеңбері» әдісі арқылы жаңа тақырыпты бастады. Оқушылардың зейінін өзіне аударды. Оқу қызметі барысында топтық тапсырма, суретпен жұмыс, сұрақ-жауап әдісі және жазба жұмыстары жүргізілді. Білім букті пайдаланып суреттер, мақал-мәтелдер көрсетілді. Оқушылардың көңіл-күйлерін көтеру мақсатында «Сергіту сәті» жүргізілді. Ұсыныс: Келесі оқу қызметінде Білім буктің мүмкіндіктерін пайдаланып, оқушылар да цифрлық білім беру ресурстарынмен жұмыс жасау. Балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін білу үшін кері байланыс жүргізу. Мектеп алды даярлық III-тобы. Сауат ашу пәнінен «Біздің ойындарымыз. Сөйлем» тақырыбында бейнесабақ. Оқу қызметі кезеңдері сақталған. Жазылым оқылым, тыңдалым дағдылары жүргізілді. Оқу қызметінің өту барысы, оқушыға қойылған мақсаты, талаптары, оқушының жас ерекшелігіне сай арналған. Сабақта алған білімдерін тапсырма орындау барысында пайдалана алды. Оқу қызметі соңында оқушылардан кері байланыс алынды. Мұғалімнің өзін-өзі ұстауы, балалармен қарым – қатынасы жақсы. Ұсыныс: Оқу қызметінде цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану. Жеке және топпен орындайтын тапсырмалар арқылы балалардың белсенділігін арттыру. Сын тұрғысынан ойлауға, ізденіске бағыттауға жағдай жасауды қажет етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымша 16-тармағына сәйкес келеді.

2) жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау

Жыл басында даярлық сынып балалары денсаулық саласы бойынша; жүруді (тез, жылдам, аяқтың ұшымен, тізерлеп, жүгіру) біледі, бірақ баяу, сенімсіздік басым болатын. 1 - тоқсанның ортасында балалардың спортқа деген ынталары көтерілді; себебі - оларға сапқа тұру, сап түзеу, саппен жүру, таңертеңгілік гимнастикаларды жасап, спорт залда ойнаған олар үшін таңсық жағдай болды. Уақыт өте келе балалар спорттың адам өміріне пайдасы зор екенін түсіне білді.

Қатынас білім беру дағдысы бойынша айтатын болсақ; жыл басында балалардың көпшілігі әріпті танымайтын, ойын ашық жеткізе алмайтын, ұяң болатын. Тілдері дұрыс дамымаған. Балалар екінші тоқсаннан бастап қана бір біріне үйреніп, мұғалімге үйренісіп ашыла бастады. Мәтіндер бойынша әңгімелеуді, ойларын толық жеткізуді үйренді. Тілдері жаттығып дыбыстарды дұрыс айтуға бейімделді.

3 - тоқсанның аяғына дейін балалардың басым бөлігі әріптерді танып, олардың дауысты дауыссыздарын ажыратып, дыбыстық талдау жасап, буынға бөлетін болды. Жалпы айтатын

болсақ, даярлық тобының ішінде 3 - 4 баланың есте сақтау қабілеттері төменірек, әріптерді ұмытып қалады, шатастырады, буынға бөліп, әріптерді қосып оқуға қиналады.

Шығармашылық білім беру дағдысы бойынша; Балалардың құзыреттілік көрсеткіштері өте жақсы, балалар әуенді мұғаліммен қосылып айта алады, мәтінді жылдам жаттайды, әуенімен орындай алады, әуенді жақсы қабылдайды. Сонымен қатар қазақтың ұлттық аспаптарын таниды, суреттерін сала алады, аттарын жатқа біледі.

Әлеуметтік білім беру дағдысы; барлық балалар өз беттерінше әрекет ете алады, достарымен сыныптастарымен жақсы қарым қатынаста. Олар бірімен жақсы араласады, әңгіме айтады, қалжыңдасады. Барлығының тәрбиелері жақсы және мәдениетті сөйлеуге үйренген. Үлкендермен амандасуды, сыйлауды біледі.

Таным білім беру дағдысы бойынша көрсеткіштер; балалар 1 - 20 де» інгі сандарды таниды, 1 - 20 дейін сандарды қосып алады сонымен қатар пішіндерді таниды, ажырата алады. Мысалдар мен есептер құрастыра алады және оларды шеше алады.

Балалардың даму үлгерімі мен оқу үлгерімдері бойынша мынандай деңгейді көрсетеді:

- сыныпта тыңдалым жақсы
- әр бала өзінің не істеп жатқанын түсінеді, белгілі бір білім қорына ие
- әр бала өзінің білетінін жасай алады

Осы білім салары бойынша мектепалды даярлық сыныбы жақсы көрсеткіштерді көрсетеді.

2023-2024 оқу жылы

P/ с№	Дағдылар тізбесі	Мектепалды жасы (5 жастан бастап)	
		Топтар саны/ балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %
1	Денсаулық сақтау дағдылары	2/35	86%
2	Коммуникативтік-тілдік дағдылар	2/35	90%
3	Танымдық дағдылар	2/35	95%
4	Шығармашылық дағдылар	2/35	95%
5	Әлеуметтік дағдылар	2/35	95%

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымша 4-тарау 20-тармағына өзгерістер енгізіліп, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 № 348 бұйрығымен сәйкес келеді.

12. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау

Балалар білім беру ұйымына 5 жастан бастап қабылданған. Жас ерекшеліктері сәйкес келеді. 2023-2024 оқу жылында 42 бала 2 топ. Оның ішінде 42 -бала жас ерекшелігіне сай 5-жастағы балалар.

ҚОРЫТЫНДЫ:«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы»

1- қосымша 5- тарау 22 – тармақ 2) тармақшаға сәйкес келеді.

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Мектепке дейінгі ұйымға балаларды қабылдау бойынша балалардың қозғалысы кітабы 2023-2024 оқу жылында білім алушыларды оқуға қабылдау, оқушы құрамынан шығару мектеп директорының бұйрықтарымен жүзеге асырылған. Тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару мерзімінде жүргізілген. Білім беру ұйымында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 1 жылды құрап, меңгеру мерзімі сақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ:«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылығы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен 1-қосымша 5-тарау 22– тармаққа сәйкес келеді.

Параграф 2

1) Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі;

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын басқару және ұйымдастыру оқу жылдарына арналған **жұмыс жоспарларымен** анықталған. Жұмыс жоспарлары тамыз айындағы педагогикалық кеңестерде талданып, бекітілген.

2023-2024 оқу жылында

Мақсаты:

- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;
- Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін мектептің педагогика-психологиялық кеңістігінде баланың шығармашылық және интеллектуалдық потенциалының дамуына ықпал жасау;
- Жеке тұлғаға бағытталған мектептің оқу-тәрбие үрдісінде жаңа технологиялар мен әдістерді бейімдеу және енгізу;
- Баланы жан-жақты мәдениетті, қазақ халық педагогикасы қағидаларына бағыттап, алдыңғы қатарлы жеке тұлға ретінде тәрбиелеу;
- Ақпараттандыру құралдарын кеңінен қолдану.

Міндеттері:

- Жеке тұлғаның қабілетін, мүмкіндігін және қызығушылығын ескере отырып толық, сапалы білім алуға жағдай жасау;
- Оқушының бойында адамгершілік, Отансүйгіштік, ұлтжандылық, өзін-өзі қадірлей алатын, өзіне талап қоя алатын қасиеттерге және салауатты өмір сүруге тәрбиелеу;
- Шығармашылық еңбек ететін мұғалімдермен тәжірибе алмасу үшін шығармашылық топтар, пән лабораториясын ұйымдастыру;
- Оқу-тәрбие үрдісіндегі диагностика мен мониторинг жүйесін жетілдіру;
- Оқушылардың жалпы мәдениеттілік бағытын күшейту;
- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін анықтау.

Жоспарға сәйкес бағдаралды даярлық ата-аналармен, педагог кадрлармен, оқушылармен зерттеу жұмыстары, іс-шаралар, әдістемелік отырыстар жүргізілген. Білім алушыларға оқу бағдарламасы бойынша 1-11 сыныптарды жаңартылған мазмұнда оқумен қамту, оқушылардың компьютерлік, цифрлық сауаттылығын арттыру, мұғалімдердің цифрлық құзыреттілік бойынша білімін жетілдіру жүзеге асырылған. Білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттары бойынша педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттыру жөніндегі жұмыстарды жүргізілген. Бейінді оқытуға байланысты 10-11-сынып оқушыларын өз деңгейлеріне қарай физика-математика, химия-биология пәндерге бағытталған. Оқу кабинеттерінің материалдық – техникалық базасы жасақталған. МЖМБС талаптары орындалып, жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілген. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты орындалған.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы»

